

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

Айыртау аудандық газеті

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



Президент Жолдауы: Нұрлы Жол – біздің жолымыз

ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР



дар аралығында көптеген оң өзгерістер болып, материалдық-техникалық базамыз нығайтылды. Шеттен келген оқушылардың тұруына лайықталған 80 орындық жатақхана ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, ондағы оқу залы, медициналық пункт, өзін-өзі тану кабинеті, аспаздық іс зертханасы, шаштараз кабинеттерінің барлығы осызаманғы талаптарға толық сай қайта жабдықталғаны – осының айғағы.

Колледжде арнайы және жалпы білім беретін пәндер бойынша жабдықталған оқу кабинеттері, автокөлік, трактор шеберханасы, кулинарлық зертханалар, дәнекерлеу цехы, слесарьлық кабинет, спорт залы, асхана, автодром бар. Сонымен қатар, барлық компьютерлері интернетке қосылған информатика кабинетінде оқушылардың жұмыс істеуіне толық жағдай жасалған. Оқу орнындағы «МТЗ-80», «МТЗ-82», «К-700А», «ДТ-75М», «Енисей» комбайндары мен «ГАЗ-53», «ГАЗ-3507», «ЛАДА-21074», «ММЗ-4502» техникалары оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдануына, яғни өндірістік оқытуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы техникаларын комбайн «МТЗ-80» тракторын, тұқым сепкіштер және қосымша информатика кабинеті мен дәнекерлеу аппараттарын алуға республикалық бюджеттен тағы да 25 млн. теңге қаражат бөлінді.

Бүгінгі таңда кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңарту және кадрларды даярлаудың сапасын еңбек нарығының сұранысына сай арттыру – осы сала ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Бұл ретте Елбасы Н. Назарбаевтың Жолдауында аталып өтілген кең көлемдегі құрылыс жобалары экономикалық тиімділіктен қатар, біздің колледж студенттері мен түлектерінің жұмыспен қамтамасыз етілуіне жол ашақ. «Жас келсе – іске!» дегендей, жастар қайтпас қайрат пен қажырлылыққа ие. Оларға жол ашу – біздің міндетіміз. Осыған орай колледж қазіргі заман сұранысына сай бірнеше бағытта кадрлар даярлауда. Атап айтар болсақ, фермерлік шаруашылыққа қажетті тракторшыларды, автокөлік жүргізушілерін, аспаздарды, электр-газбен дәнекерлеуші мамандарды оқытамыз. Білім ошағында оқытындар орта біліммен қатар кәсіби мамандық алады. Бүгінде колледждегі сегіз топта екі жүзге жуық студент ауыл шаруашылығына қажетті мамандықтарды меңгеруде. Колледждегі оқыту мен тәрбие беру жұмысын 25 педагог атқару үстінде. Олардың жиырмасы жоғары білімді болса, бесеуінің орта арнаулы білімі бар.

Кәсіптік білім беруді дамыту мен сұранысқа ие кадрларды даярлау мәселесіне жұмыс берушілерді барынша тарту да – маңызды бағыттардың бірі. Әлеуметтік серіктестік түлектерді жұмысқа орналастыруда ғана емес, сонымен қатар олардың тәжірибеден өту үдерісінде де жүзеге асырылады. Бұл оқушылардың өндірістегі жаңа технологиялармен, жабдықтармен танысуларына, кадрларды кәсіби даярлауда жоғары сапаға қол жеткізуге мол мүмкіндік береді. Бүгінде жеке кәсіпкер «Н.П.Головешкина», «Константиновка – 2004», «Журавка», «Айыртау-Әліби», «Ғасыр-Айыртау» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен колледж әкімшілігі арасында ынтымақтастық жөнінде келісімге қол қойылған.

Болашақ мамандардың еңбекке араласулары, олардың өз беттерімен кәсіби қалыптасулары мен бағыттарын айқындаулары, жұмысқа деген қызығушылықтарының оянуы, ең алдымен тәжірибеден өту кезінде қалыптасады. Өндірістік тәжірибеден өту мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына, оқу бағдарламалары мен тәжірибеден өту кестесіне сай жүргізіледі.

Қазіргі күні оқушылардың біліктіліктерін арттыру мақсатында оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері өздерінің сынақтары мен сабақтарын шынайы жұмыс орындарында өткізуге тырысады. Алайда, өндірістік тәжірибеден өту кезінде бірқатар мәселелер де туындап жатады. Өйткені, жұмыс орынының шектеулі болуына, жұмысшылар тұратын жатақхананың жоқтығына байланысты тұтастай бір топты жалғыз агроқұрылысшы қабылдауына мүмкіндігі жоқ. Сондықтан оқушылардың көпшілігі тәжірибеден өздерінің тұрғылықты жеріндегі серіктестіктерде өтеді. Бұл оқушыларды бақылауға, оларға кәсіби тұрғыда көмек көрсетуге кедергі келтіреді. Сонымен қатар, шаруашылық басшыларының барлығы бірдей жаңа техниканы тәжірибесіз оқушыларға сеніп бере бермеуі, еңбекқауының төмендігі, пәтердің жоқтығы түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуіне кедергі келтіретіні де жасырын емес.

Біздің колледжде электр-газбен дәнекерлеушілер және ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинистері мамандықтары бойынша оқушылар кәсіптік даярлық деңгейін бағалаудан өтті. Онда электр-газбен дәнекерлеушілер мамандығын меңгергендер өздерінің теориялық және тәжірибелік біліктіліктерін өте жақсы деңгейде көрсетіп, 100 пайыздық көрсеткішке жетті.

Білім ошағында оқушылардың пәнге және кәсібіне деген танымдық қызығушылықтарын кеңейтуге, ой-өрісі мен біліктілік деңгейлерін арттыруға бағытталған сайыстар тәжірибелік және теориялық білімді ұштастыра отырып ұйымдастырылады. Аталмыш сайыстар оқушылардың арасындағы жарыс түрінде өткізілгенімен, танымдық, білімдік жағына баса назар аударылады. «Тәрбие мен оқу егіз» дегендей, педагогтер біздің басты байлығымыз еліміздегі келісім мен тыныштық екенін оқу-тәрбие үдерісінде әр студенттің санасына жеткізуге тырысады. Қазақстан халқы тілдері күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге, фермерлік шаруашылық мамандықтарына арналған апталықтар мен саламатты өмір салтын, әскери-патриоттық тәрбиені насихаттауға бағытталған айлықтар түрлі формада ұсынылып, оқушылардың кәсіби, пәндік және танымдық өрісін кеңейтті.

Осылайша оқушымыз Виктория Осипова «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын!» атты облыстық шығармалар сайысында үшінші орынды иеленді. Облыстық «Жасыл планета» экологиялық сайысында колледждің «Аквалюбы» командасы «Туған өлкенің білгірлері» аталымы бойынша марапатқа ие болды. Педагогтеріміздің жетекшілік етуімен туған өлкені зерттеуге арналған шараларға оқушыларымызды қатыстыра отырып, олардың бойында қазақстандық патриотизмді, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға атсалысудамыз.

Жас өркеннің оқып, білім алуына мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы біздің креативті жастарымыздың барынша қанат жайып, өздерін паш етуге аянбай күш салуына айқын бағытты нұсқа берді. Еңдесе Жолдауды ой таразысынан өткізген әр адам ондағы қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында алға қойылған міндеттер мен бағдарламалардың жүзеге асуына өз саласында үлесін қосуға тиіс.

Серік МУСИН,

Саумалкөл агротехникалық колледждің директоры.

Әкім - әлеумет алдында

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ – ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ СҰХБАТ

Елбасы Жарлығына сәйкес барлық деңгейдегі әкімдер тұрғындар алдында есеп береді. Ондағы мақсат халықты елдегі орын алып жатқан оң өзгерістер мен әр аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінен хабардар ету болып табылады. Биылғы жылы бұл науқан ауданымызда қаңтардың 14-інен басталып, ақпанның 2-іне дейін жүргізілуде. Осы күнге дейін ауыл әкімдерімен 59 кездесу өткізіліп, тұрғындар тарапынан 45 ескертпелер мен ұсыныстар көтерілсе, оның 42-сі бақылауға алынған. Қалған ұсыныстарға кездесу барысында түсініктемелер берілген.

Ал аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің тұрғындар алдындағы есепті кездесуі қаңтардың 19-ы күні Елеңкий ауылдық округінен басталды. Аталмыш кездесуге аудандық мәслихаттың хатшысы, ауданның жекелеген мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Баяндама соңында Ағзам Ахметжанұлы мемлекет тарапынан өз шаруасын ашып, істерін алға қарай бастырамын деген азаматтарға барлық жағдайлардың жасалынып жатқандығын, олардың жүзеге асырылуы үшін төменгі пайызбен несиелердің беріліп жатқандығын тілге тиек ете келе, Президенттің 2014 жылдың 11 қарашадағы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауындағы жаңа бастамаларды іске асыру жолында баршамыз күш-жігерімізді аямай, қолдан келгенше еңбек ету – азаматтық парызымыз, – деп, барша тұрғындарды Елбасы Н.Ә.Назарбаев алдымызға қойып отырған міндеттерді шешуге бір кісідей атсалысуға шақырды.

Кездесу барысында Шүкірлік ауылы тұрғындарының «Қостанай – Қарағанды» және «Қарағанды – Қостанай» бағытындағы жолаушылар поезының Шүкірлік ауылына аялдаса деген жазбаша ұсыныстары қаралып, (бұрындағы ауылға тоқтап келген поезд соңғы жылдары вагондарға отыру үшін арнайы биік мінберлердің болмауына (ауыл тұрғыны Мәулет Әбікеевтің түсіндіруі бойынша) тоқтамайды)) аталмыш мәселені аудан басшысы өз бақылауына алды.

Кездесу соңында округтің ардагерлер кеңесінің төрағасы, ардагер ұстаз Айтмағанбет Дауылбаев аудан басшысының тұрғындар алдындағы есепті кездесуіндегі баяндамасында сөз болған өткен жылдағы атқарылған жұмыстарына оң бағасын беріп, биылғы жылда аудан және округ бойынша жоспарланған ауқымды істерге ризашылығын білдірді.

Жыл сайынғы Елбасы Жарлығына орай барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында атқарылған жұмыстары туралы және алдағы жоспарлары жайлы есепті кездесулері – бұл халық пен билік өкілдерінің ашық сұхбаты. Осындай ашық сұхбатта атқарылған жұмыстарға баға беріліп, тұрғындар өздерінің көңілдегі мәселелерінің шешу жолдарын саралайды. Және де халықпен бірлесе алдағы кезеңдердегі атқарылар жұмыстар жоспарланып, оның жүзеге асырылулары бақылауға алынады.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген
Елена НЕДОРОСТКОВА,
Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс жердегі мүлікті жария ету туралы

Салық органдарымен Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс жердегі мүлікті жария ету жүргізіледі.

Мүлікті жария етуге ұсынушы адам, тұрғылықты мекен жайы бойынша аумақтық салық органдарына жүгінеді.

Мүлікті жария ету мерзімі 2014 жылдың 1 қыркүйегінен 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Мүлікті жария етуге ұсыну үшін құжаттарды тапсыру мерзімі 2014 жылдың 1 қыркүйегінен басталып, 2015 жылдың 30 қарашасында аяқталады. Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, Қазақстан Республикасында тұруға ықтияры бар адамдар мүлікті жария етуге Заң негізінде құқықтары бар.

А. МАМЕНТИКОВА, бас маман



Есепті кездесуге дейін Ағзам Ахметжанұлы округ орталығы Елеңкий ауылындағы фельдшерлік акушерлік пункте болып, оның жұмысымен танысты. Сапар барысында аудан басшысы ауылдағы бала туу көрсеткішіне көңіл бөлді. 2013 жылмен салыстырғанда өткен 2014 жылда бала туу көрсеткіші 50 пайызға өскен. Сонымен қатар аудан әкімі полициялық пунктке бас сұғып, учаскелік инспекторлардың жұмысымен де танысты. Сонан соң Ағзам Ахметжанұлы орта мектептің жанындағы шағын орталықтың және мектеп жанындағы интернаттың жағдайымен де танысты.

Есепті кездесу ең алдымен округ әкімі Серік Қасеновтің тұрғындар алдындағы есебінен басталды. (Жылсайынғы есепті кездесудегідей емес, биылғы жылы аудан әкімінің есебі алдында ең алдымен ауылдық округ әкімдерінің есебі тыңдалады). Округ әкімінің баяндамасында өткен жылдағы аталмыш округтегі атқарылған жұмыстар және алдағы жылдағы негізгі басымдықтар баса айтылды.

Келесіде Елеңкий селолық округі тұрғындарының алдында аудан басшысының Айыртау ауданының 2014 жылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қорытындылары және 2015 жылға арналған басымды бағыттары туралы баяндамасы тыңдалып, алдағы жылдың жоспарлары да талқыланды.

Кездесу барысында халық тарапынан жазбаша түрде жолданған «Жер-Ана» ЖШС-і жұмысшыларының жалақысы уақытында төленбейтіні тілге тиек етіліп, аталмыш мәселе аудан әкімінің бақылауына алынды. Осы тұста серіктестік басшысы Қанат Аманжолұлы шаруашылықтың жұмысшыларына қаңтар айының соңына дейін жалақыларының толық төленетінін жеткізді.

Кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген басқа да мәселелер бірден шешімін тапты.

Кездесуді қорытындылаған аудан басшысы округтің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы игі істеріне сәттілік тіледі.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 26 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Апта.Kz» 11:05 «Айтуға оңай...» 11:45 «Тағдыр» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Дауа» 13:15 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 13:45 «Ақсауыт» 14:15 «БІЛГІШТЕР» М/х 14:30 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:55 «Әли мен Аяма» М/ф 15:05 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Менің Қазақстаным» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Шын жүректен!» 18:55 «ЗАН ЖӘНЕ БІЗ» 19:35 «Еңбек түбі - береке» 19:40 «ТАҒДЫР» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Көкпар» 1:40 «Дауа» 2:10 «Шын жүректен!» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтумар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Сәтті сауда» 11:30 М/ф «Принцесса Лилифи и маленький единорог» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор – 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 16:00 «Сәтті сауда» 16:30 М/с «Роботым өкпеймін» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Ду-думан» 18:00 Новости 18:10 «Ду-думан» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости 21:30 «Бажалар» Т/х 22:00 Т/с «Воля небес» 23:00 «Жекпе-жек» 23:45 Т/с «След» 00:30 Қорытынды жаңалықтар 01:00 Новости 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 02:00 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 8» Т/с 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 Т/с «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

СЕЙСЕНБІ, 27 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Тағдыр» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «SPORT.KZ» 13:10 «Алан» 14:00 «Сыр-сұхбат» 14:30 «БІЛГІШТЕР» М/х 14:40 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 15:05 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «КЕЛБЕТ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Саяхат» 18:30 «Ас болсын!» 19:15 «Қылмыс пен жаза» 19:35 «Еңбек түбі - береке» 19:40 «ТАҒДЫР» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Сыр-сұхбат» 1:25 «Шарайна» 2:00 «Келбет» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтумар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 Д/с «Моя планета Максимальное приближение» 11:45 «Бажалар» Т/х 12:10 «Сәтті сауда» 12:40 «Спорт без границ» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор – 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Экономкласс» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Нүкте» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Новости 21:30 «Бажалар» Т/х 22:00 Т/с «Воля небес» 23:00 «Арнайы хабар» 23:30 Т/с «След» 00:30 Қорытынды жаңалықтар 01:00 Новости 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 02:00 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 8» Т/с 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 Т/с «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

СӨРСЕНБІ, 28 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Тағдыр» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Поэзия әлемі» 13:10 «Зан және біз» 13:55 «Шарайна» 14:25 «БІЛГІШТЕР» М/х 14:40 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 15:05 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «КЕЛІН» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:05 «Қылмыс пен жаза» 18:25 «Саяхат» 18:45 «Мың түрлі мамандық» 19:10 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ» 19:35 «Еңбек түбі - береке» 19:40 «ТАҒДЫР» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:25 «Қазақстан дауысы» Күнделік 23:30 «ТҮНГІ СТУ-

ДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 «Өзекжарды» 0:50 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:15 «Ас болсын!» 2:00 «Поэзия әлемі» 2:25 «Қазақстан дауысы» Күнделік 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтумар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 Д/с «Моя планета Максимальное приближение» 11:45 «Бажалар» Т/х 12:10 «Сәтті сауда» 12:40 «Спорт әлемі» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор – 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Д/с «Табиғат тартуы» 21:00 Новости 21:30 «Дворец Абдин» Т/с 22:20 Т/с «След» 23:10 «Нүкте» 00:30 Қорытынды жаңалықтар 01:00 Новости 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 02:00 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 8» Т/с 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 Т/с «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

БЕЙСЕНБІ, 29 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Тағдыр» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Агробизнес» 13:05 «Сіз не дейсіз?» 13:35 «Жан жылуы» 14:00 «Журналистик зерттеу» 14:25 «БІЛГІШТЕР» М/х 14:40 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:55 «Қазақстан дауысы» Күнделік 15:05 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 Жәніске - 70 жыл «ЕЛДІҢ ЕРЛІГІ» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 18:40 «Поэзия әлемі» 19:10 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:35 «Еңбек түбі - береке» 19:40 «ТАҒДЫР» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Қылмыс пен жаза» 1:20 «Еңбек түбі - береке» 1:25 Жәніске - 70 жыл «Елдің ерлігі» Д/ф 1:55 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтумар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 «Сәтті сауда» 11:45 «Подари детям жизнь» 11:50 «Дворец Абдин» Т/с 12:40 «Экономкласс» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор – 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:50 «Сәтті сауда» 16:20 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Энергия будущего» 21:00 Новости 21:30 «Дворец Абдин» Т/с 22:20 Т/с «След» 23:10 «Біздің үй» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Новости 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» 01:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 Т/с «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

ЖҰМА, 30 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:50 «Қазақстан дауысы» Күнделік 11:00 «Айтуға оңай...» 11:45 «Тағдыр» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Жарқын бейне» 13:15 «Көкпар» 14:00 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 14:25 «БІЛГІШТЕР» М/х 14:40 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 15:05 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Жан жылуы» 17:25 «Еңбек түбі - береке» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» 18:40 «Ғасырлар үні» 19:15 «Иман айнасы» 19:35 «Еңбек түбі - береке» 19:40 «ТАҒДЫР» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 Кино «Сардар» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтумар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 «Сәтті сауда» 11:45 «Подари детям жизнь» 11:50 «Дворец Абдин» Т/с 12:40 «Энергия будущего» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор – 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Одна судьба» 21:00 Новости 21:30 Кино «Гамбит» 23:00 Бокс Финал первой серии Aiba pro boxing (APB) 01:00 Қорытынды жаңалықтар 01:30 Новости 02:00 «Әр үйдің сыры басқа» 02:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:30 «П@УТИНА» 15:00 «112» 15:15 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:50 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 22:50 «ТРИ АККОРДА» 0:50 «ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН» 1:50 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 3:45 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х

СЕНБІ, 31 ҚАҢТАР

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:40 «Агробизнес» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАН» 10:05 «Дауа» 10:35 «Ас болсын!» 11:20 «Қазақстан дауысы» 13:10 «ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ» 13:35 «Телқоңыр» 14:15 «Сырғалым» Т/х 16:20 Кино «Джунгли падишасы» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Джунгли падишасы» 19:00 «Дала дауысы» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:00 «Ұлттық шоу» 22:30 «ОТАНЫМ ДЕСЕМ...» 0:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 1:05 Кино «Піл операциясы» 2:55 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Қалжың қоржыны» 8:30 «Жабайы футбол жаналғыштары» М/с 9:00 «Бармысың, бауырым?» 9:45 «Продвпром» 10:00 «Спорт без границ» 10:25 М/ф «Эскимос» 10:55 М/ф «Монстр в Париже» 12:25 Кино «Пеликан» 13:55 «Орталық Хабар» 14:45 «Жұлдызды дода» 16:15 «Тур де Хабар» 16:45 Концерт «Самга Жұлдыз» 18:00 Кино «Менің күнәлі періштем» 19:40 «Мен көрген соғыс» - «Моя история войны» 19:50 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Кино «Пятое измерение» 0:00 Кино «Сені сүйетінімді бәрі біледі» 1:30 Всемирная серия бокса «Баку Файерс» - «Астана Арланс» 3:30 «Мұра» Т/х

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:40 Т/с «ИГРЫ РАЗУМА» 8:20 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 Новости 9:10 «СМАК» 9:45 Кино «ЗАГАДАЙ ЖЕЛАНИЕ» 11:30 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:05 «БАГРЯНЫЙ ПЕРВОЦВЕТ» 13:35 «П@УТИНА+» 14:30 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 15:00 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» 15:45 Кино «АРТЕФАКТ» 17:20 Т/с «ЧУЖАЯ ЖЕНЩИНА» 21:00 «НОВОСТИ В СУББОТУ» 21:30 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 21:45 «ТІЛШІ ТҮЙІНІ» 22:15 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 23:55 Т/с «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» «МИШЕНИ» 1:40 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:10 Т/с «ИГРЫ РАЗУМА» 3:40 «БАГРЯНЫЙ ПЕРВОЦВЕТ»

ЖЕКЕНБІ, 1 АҚПА

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:35 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 9:05 «КАПИТАН ҚОҢИҚАЗ» М/ф 10:00 Ойын-сауық, интерактивті бағдарлама 11:00 «Жайдарман» 11:20 «Ақсауыт» 11:55 «Шарайна» 12:25 «СЫР-СҰХБАТ» 12:55 «Ұлттық шоу» 14:15 «Сырғалым» Т/х 16:25 «Баламен бетпе-бет» 16:40 «Әли мен Аяма» М/ф 16:50 «Данышпан қарға» М/ф 17:00 «ЖІБЕК СЕЗІМ» 19:05 «Әзіл әлемі» 20:00 «АПТА.KZ» 21:00 «КАЗАҚСТАН ДАУЫСЫ» 23:00 «АЛАН» 23:50 «КӨКПАР» 0:30 Кино «Аңғал» 2:15 «Телқоңыр» 3:00 «АПТА.KZ»

ХАБАР

7:02 «Қалжың қоржыны» 8:30 «Жабайы футбол жаналғыштары» М/с 9:00 «Жеті күн» 10:00 «Ас арқау» 10:20 «Спорт әлемі» 11:00 М/ф «Тарзан» 12:30 Т/с «Синбад» 13:15 «Бенефис-шоу» 14:25 Үнді фильмі «Ағайынды үш жігіт» 16:55 «Кеше ғана» - «Еще вчера» 17:50 Алтынай Жорабаеваның «Қазақстаным, алғай» 19:40 «Ду-думан» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Кино «Превосходство» 00:10 Кино «Ұлан асыр той» 01:40 «Мұра» Т/х

ЕВРАЗИЯ

6:00 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 6:20 «ТІЛШІ ТҮЙІНІ» 6:45 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 7:05 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 8:35 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 Новости 9:10 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗЛОТО» 10:45 «ТЕОРИЯ ЗАГОВОРА» 11:45 «БАГРЯНЫЙ ПЕРВОЦВЕТ» 13:20 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 14:30 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 15:00 Кино «МАМА ПОНЕВОЛЕ» 17:25 Т/с «РАДИ ТЕБЯ» 21:00 «АНАЛИТИКА» 22:00 «П@УТИНА+» 22:55 «ТЕАТР ЭСТРАДЫ» 0:50 «ВОЙНЫ БЕЗДОРОЖЬЯ» 1:45 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:10 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 3:30 «БАГРЯНЫЙ ПЕРВОЦВЕТ»

Білім беру

ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары

«Егер мұғалім өз пәнін шын ықыласымен берілсе, онда бүкіл сыныпта бұл пәнге ынтасымен берілетін болады. Егерде, пән сізді қызықтырмаса және оны терең білмесеңіз онда сабақ беруден бас тарту керек. Себебі, сіз ешқашанда сабақты жақсы бере алмайтын боласыз».

Д.Пойа.

Математиканың негізін меңгеруде математика пәнінің мұғалімі өз пәнін терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, әр түрлі деңгейдегі есептерді шығара білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірген әдіс амалдарын, құралдарын еркін меңгеруі,математиканы оқытудың педогогикалық-психологиялық негіздерінен хабардар болуы керек.

Оқыту барысында теориялық материалды практикамен байланыстырып есептерді шығартқанда оқушыға түсінікті, жете меңгеретіндей мүмкіндіктерді тандап білім деңгейін анықтап, талдап, кемшіліктерін толықтырып отырулары керек. Есептер шығару көбінесе байқап көру, іздену процесімен жүреді. Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Есептерді бірнеше жолмен шығару әдістері бар. Соның тиімді әдісін тандау оқушының қабілеттілігін көрсетеді және ҰБТ-да жоғары балл жинаудың бірден-бір жолы. Математикада тест-пен жұмыс жасау арқылы оқушы әрбір тапсырманың мазмұнына сәйкес оның есептеу жолдарын тандау, уақытты үнемдеу мүмкіндігіне ие бола алады.

Математикалық тест тапсырмаларымен жұмыс жасау жолдарына тоқтайық:

- 1.Әрбір тапсырманың берілген шартын нақты түсініп, не берілгенін немі табу керектігін айқындау.
- 2.Уақытты үнемдеу үшін есептеудің қысқа жолдарын тандай білу керек.
- 3.Барлық тапсырмаларды қысқаша жазып есептеуге дағдылану.
- 4.Белгілі уақыт аралығында барлық тапсырмаларды тез жылдам орындау. Кейінгі жылдарда мекте

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	22/01 БС	23/01 ЖМ	24/01 СН	25/01 ЖК	26/01 ДС	27/01 СС	28/01 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	-18 -15	-29 -22	-32 -27	-34 -26	-32 -24	-25 -20	-24 -22
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		737	749	755	759	755	749	750
Желдің бағыты		С	С	С-Б	О-Б	О-Б	О-Б	О
Желдің шапшаңдығы		3	4	2	2	3	3	4

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Өрендер өмірі

ЕРЛЕР ІСІ - ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Осы оқу жылында біз, 10-сынып оқушылары Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Әленов Бауыржан Қайыржанұлы және мектеп психологы Қасымов Азамат Сансызбайұлының жетекшілігімен Көкшетау қаласындағы Кеңес Одағының батыры, ғалым, педагог, жазушы Мәлік Ғабдуллиннің 100 жылдығына орай мұражай үйінде саяхатта болдық.

Мұражайда біз Мәлік ағайымыздың балалық шағынан, туған ауылы Қойсалған, Желтау, алғашқы оқыған мектебін, әскер қатарына алынған жылдарынан, майданда жасаған ерліктерің, майдандас достарының естеліктерін, жазған әдеби-көркем еңбектерімен танысып, біраз мағлұмат алдық. Онда біз өлкеміздің ерте дәуірден бастап осы күнге дейінгі тарихымыздан мағлұмат алдық. Біз еліміздің табиғатының әр-түрлілігін, жан-жануардың тіршілік еткен ортасын халқымыздың көне замандағы тіршілікте пайдаланған алғашқы құрал-саймандарын, қару-жарақтарын, баспаналарын көріп тамашаладық. Мұражайдың басқа залдарында қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың, ғалымдардың, қарапайым еңбек адамдарының ерліктерін, еліміздің жеткен



жетістіктерінің куәсі болдық. Біз бұл мұражайдан өлкемізде соншалықты бай мағлұматтарды халқымыздың басынан өткізген дәуірлердің ерекшеліктерін қандай да болмасын қиыншылықтарды жеңе білген бірліктің, достықтың шынайы үлгісін көрдік. Бізге ерен ердің еліне де-

ген сүйіспеншілігі, халқына құрметі өшпес ерліктің, қайсарлықтың үлгісі ретінде көңілімізде қалды. Ол бізге зор әсер қалдырды. Осы саяхатты ұйымдастырған ұстаздарымызға ризашылығымызды білдіреміз.

Бірлестік ОМ-нің 10-сынып оқушылары.

ТЖ бөлімі ескертеді:

Тұрғын секторда өрттің алдын алу



2015 жылдың басынан бері Айыртау ауданының аумағында 3 өрт тіркелді.

2015 жылдың 1 қаңтарында Верхний Борлық ауылында тұрғын үйге жабыса орнатылған моншада өрт шықса, 3 қаңтарда Горное ауылында шаруашылық салынымдарда өрт шықты, ал қаңтардың 10-ы күні Саумалколь ауылындағы моншалардың бірінде өрт шықты.

Өрттің шығу себептері өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзылуынан болып отыр.

Сол себептен Айыртау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі тұрмыстық және тұрғын секторларында адамның қаза болуын болдырмау және тұрғын секторларда өрттер санын азайту мақсатында аудан тұрғындарын өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауын ескертеді:

Өртті сөндіргеннен де ескерткен оңай, ол үшін күнделікті қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесін орындаған жөн.

Біріншіден, отпен абай болған дұрыс. Қорада немесе оңай тұтанатын материалдар бар жерде ашық отты пайдаланбаңыздар және мас күйінде үй ішінде темекі шекпеген дұрыс.

Сіріңке қоятын жер балалардың қолы жетпейтін жерде болғаны абзал. Өйткені балалар үлкендерге өліктейміз деп тілсіз жаудың себепкерлеріне айналғандары баршалық, онымен қоймай олар өздері тілсіз жаудың

құрбанынына айналады.

Балаларды үлкендердің қарауынсыз қалдырмау керек. Тоқпен және газбен жұмыс істейтін заттарды үнемі тексеріп отырған дұрыс. Өрттің алдын алу үшін ондай құралдарды өшіріп отыру керек.

Электр жүйелерінің шамасынан тыс ауытқуынан және қысқа тұйықталуынан қорғау үшін зауыт дайындаған ерігіш құрылғылар қолданған жөн. Қолдан жасаған электр қорғаныштарын қолдануға тиым салынады.

Электрленген сымдарды жөндеуде және үйге электр жүйесін тартуда электр мамандарының көмегіне жүгінген жөн.

Ешбір жағдайда кездейсоқ адамның көмегіне жүгінбеңіз. Зақымданған электр өткізгіш сымдарын қолданбай және үтік, электр шөйнектерін қолданғанда астына жанбайтын зат қойған жөн.

Саты астында немесе шатырда жиһаздарды және өртенетін заттарды сақтамаған дұрыс.

Қатты немесе сұйық отынмен жанатын пештерді жағу алдында жөндеу жүргізу қажет.

Тұрғын үйде өрттің болып жатқанын көрген жағдайда 101, 27-359 телефонына хабарласу керек. Хабарласқан жағдайда нақты мекен-жайын, ненің жанып жатқанын, кімнің хабарласып тұрғанын айту керек. Адам өміріне қауіп төніп тұрған жағдайда көмек көрсету қажет. Онымен қоса, қолда бар құралдармен өртті сөндіруге кіріскен жөн және өрт сөндіру бөлімшелері келгенше мүліктерді сыртқа шығара бастаңыз.

Жанбота ҚАБДӨШЕВ,
Айыртау ауданының ТЖ бөлімінің инженері,
өртке қарсы қызмет майоры.

«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ азаматтардың жеке сұрақтары бойынша 2015 жылдың 1 тоқсанына арналған қабылдау кестесі

«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы – **Қазбеков Ерлан Қабдуұлы**, әр бейсенбі сайын сағат 11.00 – 13.00 дейін, телефон: 21-3-62;

«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысының орынбасары – **Жүсіпова Маржан Жылқайдарқызы**, әр сейсенбі сайын сағат 11.00 – 13.00 дейін, телефон: 21-2-98.

Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш.Уәлиханов көшесі, 42.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қоғамның сенімін, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтарын және Арнамыс кодексінің талаптарын сақтамау жағдайларын анықтамау мақсатында, СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде – **8-715-33-21-3-62 сенім телефоны** қызмет етеді.

Ақпарат құпиялылығы сақталады.

Құттықтаймыз!

Ардақты ана – Батыр ана



Ана өмірдің соғып тұрған күре тамыры сияқты.

Бойына біткен баласын тоғыз ай көтеріп, аман-есен жарық дүниеге әкелудің өзі Алланың берген бір сыйы емес пе?

Ана болу бақытына бөленіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған асыл анамыз, 15 қаңтар сексеннің сәңгірігіне шыққан қария Шүкірлік ауылының тұрғыны Қозыкенова Ақсұлу Хамитқызы.

Жасынан еңбекке араласқан, қолынан келгенше әр салада еңбек етіп, қатарынан қалыспауға тырысқан. Жұмыспен қатар үй шаруасын да бір адамдай дөңгелете білген еңбекқор жанының өмірлік қосағы Қозыкенова Жұмабай әкемізбен 50 жыл отасып, әкеміз

2007 жылы өмірден өткен. Бір-біріне үлкен сыйластықпен қарап, қамқор бола білген ерлі-зайыпты жандар 4 ұл 5 қыз тәрбиелеп өсірген отбасының бірі. Тоғыз бала көтерген алтын құрсақ Ақсұлу 2009 жылы Батыр ана «Күміс алқаға» ие болды. Бұл егеменді еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевқа аналық алғысымды айтамын. Анаға баланың алалығы бола ма, бауырынан тараған ұлдары мен қыздарының барлығын тең көріп ақылмен аялап, жүрегінің жылыуына бөлеген қазыналы қарияның бүгінде 21 немере, 7 шөберенің әжесі атанып отырған жайы бар. Балалары өз алдына отау құрып, әр салада еңбек етуде.

Қашанда сабырлы мінезімен ерекшелене білген Ақсұлу анамыз өмір жолында бірталай қиындық көрсе де, оған мойынсұнған адам емес. Керісінше құрыштай шынығып, жігерленіп, жарқын болашақ үшін қарышта қадаммен қайсарлығына, қайраттылығына тәнті болған балалары ерқашан ата-анасына ұқсап, еңбектеніп, қолына алған жұмыстарын абыроймен атқаруға тырысады. Және осындай ұмтылыстың нәтижесі де жоқ емес. Себебі, ата-ана бізге өмір сыйлап, оқытып, ерге жетелеткен жандар. Сол үшін де әрбір перзент өз ата-анасының алдында өтелмес борышты екені де рас. Мұның барлығы – ата-анадан көрген тәрбиенің жемісі. Самайын ақ шалған кеңпейілді қарияға да, әріне, бала-шағаны жеткізу, отағасын бағу оңайға түспеді. Отағасы екеуі балалардың болашағы үшін шамалары келгенше барлық жағдайды жасады, тырмысып, талпынып балаларына білім берді. Адамның бір басына жетерлік қиындық көрсе де, анамыз ол жайында сыр ашпайды. Бірақ қарияның жарқын жүзіне түскен әжімдерінің әр сызығынан-ақ өмірі тіттімен қатар ащыға да толы болғанына көз жеткізуге болады.

Сондай-ақ анамыз Ақсұлу қажырлы, қайратты, жұмыс та істеген, үй шаруасын да ұршықтай үйіре білген.

Міне, қазақтың қарапайым әйелдері қандай?!

Дегенмен де, бала-шағасына өмірлене еркелеп, соларға масайрап отырған осындай қарияларды көргенде өмірге де іңкәрлігің аялады екен. Басына бақ құсы қонған, ұрпағына ғана емес, бүкіл айналасына ілтипаты мен шарапатын шашқан осындай аналарымыздың ортамызда жүргені шымын де ғанибет емес пе?

80 жас, туған күніңіз құтты болсын!

Өміріңіз шаттық пен нұрға толсын!

Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз!

Тіршіліктің қызығына бөленіп,

Аман-есен отамызда жүріңіз!

Алланың шексіз қолдауын тілейміз.

Ақ тілекпен: **ұлдары-келіндері, қыздары-күйеу балалары, немерелері, жиендері және шөбере, жиеншарлары.**



Еске алу

**«Құйрық атып күлия,
Түлкідей қашқан жымыя.
Бізден де өтіп кеттің-ау,
Қайран бұл жалған дүния»** -

деп бұрынғылар айтқандай, бұл дүниеден кімдер өтпеді десекші. Айыртау ауданы Сырымбет ауылының тумасы, жуырда ғана ортамызда жүрген абзал азамат, еліне еңбегі сіңген, кеңпейіл, ақжарқын мінезімен дараланған, бірге өсіп біте қайнаған, жұбымыз жазылмаған досымыз **Мұхаметқалиев Жеңіс Қабыкеноұлы** небары 59 жасында бұл фәнимен қош айтысып, бақилыққа озды.

Ауыр дерт жанына батса да, қиналғанын білдірмей, қамсыз-мұңсыз, тату-тәтті отбасы өміріне салмақ түсіргісі келмеді. Мынау жалған дүниенің алдамшы екенін еске салып, бір күнде ойда-жоқта сағымға оранып, сағынышқа айналып кете барды.

Сынаптай сырғып алға жылжыған өмір көші жеткізер емес.

**«Тасқа ұрандай маңдайымыз шағылып,
Қайғы бұлтын қала бердік жамылып.
Қанша жылдар өтсе дағы, өзіңді,**

Ұмытпаймыз, еске аламыз сағынып» - деп артында сүйікті жары Баян, ұлдары Мәжит, Айбек, қызы Мая, күйеу баласы Мұрат, келіндері мен немерелері егіліп жылаумен қала берді.

Марқұм Жеңіс тірі болғанда биыл қаңтардың 25-інде 70 жасқа толар еді, болмады, толмады, ажал шіркін қоймады!! Бұл өмір шындығы, Ақиқат!

Дана халқымыздан қалған, бабалардан мирас болған аталы сөздер еріксіз есіңе түседі:

**«Келмейді деп өлімді,
Ойланбай жүрме сақтанбай.
Аяғыңа бір күні,
Қаза түсер қапандай.
Тар лаһатқа кірерсің,
Есікті ашып жатқандай.
Дүнианың өтуі,**

**Кірпіңді қаққандай.
Сыртыңнан бағып
өлім жүр,
Қойшы қойын баққандай.
Шамамен байқасаң,
Бұл дүнианың айласы,
Алдап жүріп соққандай».**

Ендеше құдіретті күшті Аллаһтың алдында қауқарсыз екенімізді мойындап, марқұмға иманың жолдас болып, жаның жәннаттан табылсын, пейіште нұрың шалқысын дейміз.

Еске алушылар: **Сапар қажы, Елемес, Сайраң, Бақыт.**

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет серіктестіктің өз қаржысы есебінен басып шығарылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Шеф-редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Теруші: Барқыт КОКЕНОВА

Индексі 65844. Таралымы 1550, № 57 тапсырыс

Қазақстан Республикасының Газетте жарық көрген оқырман Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық пікірлері редакцияның көзқарасын келісім Министрілігінде 30.05.2008 жылы білдірмейді, жарияланбаған есепке қойылған Есепке қою № 9246-Г. материалға жауап берілмейді. Газет бейсенбі күні шығады.

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.